

«Куралай апа» бөбекжай балабақша
менгерушісі: А.Таженова



Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары және хатамалары
2024-2025 оқу жылы.

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Күн тәртібінде: 1.- Перспективалық жоспарын талқылау; -Циклограмманы талқылау 2.Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрлерінің тақырыптық жоспарын талдау Ағымдағы мәселелер.	Кыркүйек 2024ж	Әдіскер Ж.Бердалиева
2	Күн тәртібінде: 1.тәрбиелеубілім беру процесін ұйымдастыру, балаларды дамыту әдістемелері, дидактикалық материалдарды қолдану бойынша жеке консультациялар беру(Әдіскер) 2.Ашық есік күндерін ұйымдастыру мен өткізу бойынша ұсынымдар беру Ағымдағы мәселелер.	қазан 2024ж	Тәрбиешілер, Әдіскер Ж.Бердалиева
3	Күн тәртібінде: 1. Балабақшада мерекелерді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар беру 2. .Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу бойынша ұсынымдар 3.. Ағымдағы мәселелер	қаңтар 2025ж	Әдіскер Ж.Бердалиева
4	Күн тәртібінде 1. Мектепке дейінгі ерте жастан дамытудың негіздері баяндама тәрбиеші Абенова К 2. Мониторингнәтижелеріналұәдістері 3. «Баланың дамуының жеке картасы»; толтыру бойынша есеп Тәрбиеші ДаулетбаеваК	Наурыз	Тәрбиеші Әдіскер Ж.Бердалиева

**«Құралай апа» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Әдістемелік кеңес отырысының
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Өтілу мерзімі: Қыркүйек

Күн тәртібінде:

- 1.-Перспективалық жоспарын талқылау- әдіскер Ж.Бердалиева
-Циклограмманы талқылау
2. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрлерінің тақырыптық жоспарын талдау –Ж.Бердалиева

Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды: Балабақша әдіскері Ж.Бердалиева Перспективалық жоспарды талқылау сұрағы бойынша сөз алды. Әдіскер Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әзірленгендігін, бағдарламаға сай кіші, ортаңғы, ересек, топтарына оқу жылына перспективалық жосрап құрылғандығы туралы айтылды. Мысал ретінде топ перспективаларын ашып көрсетілді. Жалпы перспективалық жоспарға әр іс әрекетке үштен көп міндет алу қажет екендігі және міндеттер оқу жылы барысында қайталанса болатындығы айтылды. Циклограмма бойынша 2022 жылғы нұсқаухатта берілген үлгі бойынша, режимдік сәттер толықтар 5 күнге бөлініп жазылу қажет екендігі ескертіліп айтылды, және іс-әрекеттер міндетті түрде кіріктіріліп қамтылу қажет екені сөз етілді. Циклограмманың құрылымы бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына нұсқаулықты негізге ала отырып ұйымдастыру қажет екендігі айтылды. Ол нұсқаулықта педагогтың режим бойынша атқарылатын қызметі мен, заттық дамытушы ортаны құру меноны қызығушылық орталықтарынабаулу қажет екендігі туралы айтылды. Циклограммада күннің барлық режимдік сәті енгізілгені, және дербес ойындар мен еркін ойындар жас ерекшеліктерне қарай ұйымдастырылғаны туралы айтылды. Дағдыларды қалыптастыру мақсатында әр бір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеті немесе мақсаты, тақырыбы бар болса тықыры және іс-әрекеттің барыс жазылу қажет кендігі айтылып өтілді.

2 мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж.Бердалиева Балаларға арналған қауіпсіздік шараларының мазмұны мен түрлерін қарастырып, Тақырыптық жоспардың әрбір кезеңін талдап, Әрекеттердің балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуін қамтамасыз етілгені туралы айтылып өтті.

Сөз берілді: Тәрбиешілер Мамирхан А және Даулетбекова К балаларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіруде тақырыптық жоспарларды жетілдіру қажеттігін айтты.. Тәрбиешілер қауіпсіздік бойынша оқу материалдарын ойын және практикалық әдістер арқылы өткізу маңызды екенін атап өтті. Өрт кезіндегі әрекет ету, жол ережелерін сақтау, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас және алғашқы медициналық көмек көрсету сияқты маңызды тақырыптар бойынша балаларға түсінікті ойындар мен жаттығулар әзірленгенін айты.

Әдіскер Ж.Бердалиева Қауіпсіздік мәселелерін оқу-тәрбие іс-әрекеттеріне кіріктіру арқылы балаларға ережелерді жеңіл әрі қызықты түрде жеткізу қажет екені айтылды. Қазіргі уақытта қолданылатын жоспарлар кейде тек теориялық мәліметтерге негізделеді, ал практикалық тәжірибелердің саны жеткіліксіз делінді. Қауіпсіздікке арналған

тақырыптық жоспарларға интерактивті тәсілдерді (рөлдік ойындар, драмаландыру, практикалық жаттығулар) көбірек енгізу ұсынылды.

Қаулы: -Перспективалық жоспар бағдарлама негізінде жасалып, циклограмма іс-әрекеті перспективалық жоспар міндетері негізінде құрылсын.


- Қауіпсіздікке арналған тақырыптық жоспарларға интерактивті тәсілдерді (рөлдік ойындар, драмаландыру, практикалық жаттығулар) көбірек енгізу

Жиналыс төрайымы:



А.Таженова

Хатшы :



С.Турусова

«Құралай апа» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Әдістемелік кеңес отырысының
№ 2 ХАТТАМАСЫ

Өтілу мерзімі: Қазан айы

Күн тәртібінде:

- 1.Тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру, балаларды дамыту әдістемелері, дидактикалық материалдарды қолдану бойынша жеке консультациялар беру Ж.Бердалиева
- 2.Ашық есік күндерін ұйымдастыру мен өткізу бойынша ұсынымдар беру әдіскер Ж.Бердалиева

Ағымдағы мәселелер.

1-Мәселе: Әр топтың тәрбиешілеріне балаларды дамыту әдістемелерін қолдану және тиімді дидактикалық материалдарды пайдалану бойынша жеке консультациялар беру.

Талқылау: Әдіскер Ж.Бердалиева Тәрбиешілердің оқу процесін ұйымдастыруда қандай қиындықтармен кездесіп жатқанын талдап, әр тәрбиешіге жеке ұсыныстар берді. Әсіресе, оқу іс-әрекеттерінде дидактикалық материалдардың дұрыс қолданылуы, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әдістемелердің тиімділігі талқыланды. Тәрбиешілер әдістемелерді қалай қолдану керектігіне байланысты нақты сұрақтар қойды, және дидактикалық материалдардың түрлерін таңдау бойынша көмек сұрады. Әдіскер әр тәрбиешіге жеке жоспар құруға ұсыныстар берді. Әдіскер әр тәрбиешіге оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дидактикалық материалдарды пайдалану жолдарын түсіндірді. Әсіресе, оқу іс-әрекеттерінде шығармашылық қабілеттерді дамытатын, логикалық ойлауды арттыратын әдістемелерді енгізудің маңыздылығы атап өтілді. Сонымен қатар Воскобович әдістемесі туралы, Балалардың логикалық ойлауын, зейінін және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Воскобович әдістемесі ойындық жаттығулар мен тапсырмалар арқылы балалардың математикалық, логикалық ойлау дағдыларын жетілдіретіндігін айтып өтті. Әр әдістемеге жеке тоқталып өтті. Сенсорлық даму әдістемесі, Табиғи-экологиялық әдістемесі туралы да айтып өтті.

2. Мәселе: Ашық есік күндерін тиімді ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсынымдарды қарастыру.

Әдіскер Ж.Бердалиева Ашық есік күндерін өткізу барысында ата-аналарға балалардың білім алу процесін, тәрбиешілердің әдістерін көрсету, сондай-ақ ата-аналармен тікелей байланыс орнату маңызды екенін атап өтті. Ашық есік күндерін өткізгенде, әр топтың ерекше іс-шаралары, балалардың жетістіктері мен шығармашылық қабілеттерін көрсетуге баса назар аудару керек екендігі ескертілді.

Ашық есік күндерінде ата-аналармен кері байланыс орнату және оларды балалардың оқу-тәрбие процесіне тарту жолдары туралы ұсыныстар енгізді. Әр топ ашық есік күндерінде өздерінің ерекше іс-шараларын, балалардың шығармашылығы мен танымдық қабілеттерін көрсететін бағдарламалар ұсыну керектігі айтылды. Тәрбиешілер ашық есік күндерінің ұйымдастыру тәртібі, ата-аналарды тарту және өткізу кестесі бойынша өз пікірлерін білдірді.

Қаулы:

-Әр топ тәрбиешісі жеке консультациялардан кейін әдіскердің берген кеңестері бойынша жұмыс жоспарларын толықтырып, дидактикалық материалдарды дұрыс қолдануға назар аудару.

-Ашық есік күндерінің күнтізбелік жоспары әзірленсін. Әр топта өз іс-шараларын жоспарлансын.

Жиналыс төрайымы:



А.Таженова

Хатшы :



С.Турусова

«Құралай апа» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Әдістемелік кеңес отырысының
№ 3 ХАТТАМАСЫ

Өтілу мерзімі: Қаңтар айы 2025

Күн тәртібінде:

1. Балабақшада мерекелерді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар беру.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу бойынша ұсынымдар
- 3.. Ағымдағы мәселелер

Бірінші мәселе бойынша Тыңдалды: Балабақша әдіскері Ж.Бердалиева Жаңа 2025 жыл Жылан жылымен құтықтай отырып Жарты жылдықта жоспар бойынша жұмыстар орындалғанын айта келе Мерекелік іс-шараларды балалардың жас ерекшеліктеріне сай әзірлеу қажеттігі айтылды. Ұлттық және халықаралық мерекелерді қамти отырып, балаларды тәрбиелік және танымдық тұрғыдан дамытуға арналған сценарийлер талқыланды. Балалар мен ата-аналардың мерекелерге қатысуын белсенді ету жолдары ұсынылды. Балалардың эмоционалдық қатысуын арттыру үшін мерекелерді ойын түрінде ұйымдастыру қажеттілігі талқыланды. Ұлттық мәдениетті насихаттайтын шаралардың мәні айтылды.

Екінші мәселе бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу бойынша әдіскер Ж.Бердалиева талқылауды ұсынды.

Талқылау: Әр топтағы оқу процесінің тиімділігін бағалау үшін жүйелі түрде мониторинг жүргізудің маңыздылығы атап өтілді. Балалардың білім деңгейін, дағдыларын, тәртіптік көрсеткіштерін тексерудің әдістемелері талқыланды. Мониторинг нәтижелерін ата-аналармен бөлісу жолдары ұсынылды. Әр айдың соңында оқу процесінің сапасын бағалау туралы ақпарат ұсынылды. Мониторингтің негізгі бағыттары: сөйлеуді дамыту, математикалық түсініктер, экологиялық тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттерді атап көрсетті. Мониторинг нәтижелері негізінде түзету жұмыстары жүргізу алдағы уақытта қолға алудың жолдары талқыланды.

Үшінші мәселе Ағымдағы мәселелер:

Қаралғаны: Балабақша аумағының тазалығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі туралы басшы А.Таженова атап өтті. Жабдықтарды жаңарту және балаларға қажетті оқу құралдарын толықтыру туралы шаруашылық меңгерушісіне ескерту айтылды. Қыс мезгілінде балаларды серуендеуге шығару үшін ауланы жақсылап тазарту қажет екендігі айтылды. Топтарды қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету үшін қосымша қаржы бөлінетіндігін айтып өтті. Әдіскерге Қауіпсіздік шаралары бойынша қызметкерлер мен балаларға тренингтер өткізу туралы айтылды.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы :



А.Таженова

С.Турусова

**«Құралай апа» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Әдістемелік кеңес отырысының
№ 4 ХАТТАМАСЫ**

Өтілу мерзімі: Наурыз айы 2025

Күн тәртібінде

4. Мектепке дейінгі ерте жастан дамытудың негіздері баяндама тәрбиеші Абенова Камшат
5. Мониторинг нәтижелерін алу әдістері
«Баланың дамуының жеке картасы»; толтыру бойынша есеп Мамирхан Арайлым

Бірінші мәселе бойынша Тәрбиеші К.Абенова сөз сөйледі. Ерте жастағы балаларды дамыту – олардың болашақтағы зияткерлік, эмоционалдық және әлеуметтік жетістіктерінің негізін қалайды. Бұл кезеңде алынған тәжірибе мен білім баланың өмір бойы дамуында маңызды рөл атқарады деді. Балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту маңызды. Бұл үдеріс олардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сенсорика, математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде жүзеге асырылатындығын, Ерте жастағы балаларды дамыту кешенді тәсілді талап етеді, онда танымдық, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық аспектілер ескерілуі тиіс деді, Мектепке дейінгі ұйымдар мен ата-аналардың бірлескен жұмысы балалардың үйлесімді дамуына және болашақта табысты тұлға болып қалыптасуына ықпал ететіндігін атап өтті. Ерте жастан дамытудың ең тиімді тәсілдерінің бірі – дамытушы орта құру. Бұл дегеніміз, баланың қызығушылығын арттыратын түрлі ойын материалдары, кітаптар, табиғи заттар мен сенсорлық элементтерден тұратын орта ұйымдастыру деді. Қорыта келе мусабаева Мөлдір Мектепке дейінгі ерте жастан дамыту – тек балабақша педагогтарының ғана емес, ата-аналардың да ортақ міндеті. Баланың алғашқы жылдары оның бүкіл өміріне әсер ететінін ұмытпауымыз қажет. Дұрыс бағытталған тәрбие мен білім беру арқылы біз саналы, жан-жақты дамыған, өзіндік ойы бар тұлғаны тәрбиелей аламыз. Бала – біздің болашағымыз, сондықтан оның алғашқы даму кезеңіне аса жауапкершілікпен қарау керек деді.

Екінші және үшінші мәселе бойынша Тәрбиеші Мамирхан Арайлым сөз сөйледі. Балабақшадағы оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру үшін баланың даму деңгейін үнемі бақылап, талдап отыру маңызды. Бұл мақсатта мониторинг әдістері қолданылады деді. Мониторинг – баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік және танымдық дамуын бақылауға, бағалауға және болашақ даму бағытын жоспарлауға мүмкіндік беретін жүйелі процесс екенін атап айтты. Жалпы Мониторинг нәтижелерін алудың бірнеше әдістері бар екенін көрсетті.

Бақылау – тәрбиеші баланың күнделікті іс-әрекетін, ойындарын, мінез-құлқын бақылайды.

Әңгімелесу – балалармен түрлі тақырыпта сұхбат жүргізу арқылы олардың сөйлеу, ойлау, эмоциялық даму деңгейін анықтау.

Тестілеу және тапсырмалар – белгілі бір жастағы балаларға арналған арнайы тапсырмалар арқылы олардың танымдық дағдыларын бағалау.

Жұмыс нәтижелерін талдау – баланың суреттерін, мүсіндеу жұмыстарын, қолөнер бұйымдарын, сөйлем құрау деңгейін талдау.

Ата-аналармен сұхбат – баланың үйдегі мінез-құлқы, даму ерекшеліктері туралы ақпарат алу. Негізгі мектепке дейінгі ұйымда өлшенетін мониторинг «Баланың дамуының жеке картасы» деп Жеке тоқталып өтті. «Баланың дамуының жеке картасы» – баланың жеке даму динамикасын көрсететін маңызды құжаткеңдігін, Бұл карта бірнеше бағыт бойынша толтырылатындығын айтты.

Физикалық даму (қимыл-қозғалыс белсенділігі, ұсақ моторика);

Танымдық даму (зейін, есте сақтау, ойлау қабілеті);

Коммуникативтік даму дағдысы (сөздік қоры, байланыстырып сөйлеу, дыбыстарды дұрыс айту);

Әлеуметтік-эмоционалдық даму (қоршаған ортаға бейімделуі, үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынасы);

Шығармашылық қабілеттері (сурет салу, музыка, рөлдік ойындар);

Өзін-өзі күту дағдылары (өз бетінше киіну, жуыну, тамақтану). Деп жеке –жеке тоқталып өтті.


Мониторинг нәтижелері тәрбиешілер мен ата-аналарға баланың даму ерекшеліктерін түсінуге, оны қолдау мен түзету шараларын ұйымдастыруға көмектеседі. «Баланың дамуының жеке картасы» әр баланың жеке қабілеттерін ескере отырып, оның білім беру процесіне бейімделуіне жағдай жасауға мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелері негізінде баланың жетістіктері мен дамуы үшін тиімді стратегиялар анықталып, оның жан-жақты дамуына ықпал етеді деп атап көрсетті. Есеп соңында Даулетбаева К «Мерей» ересек тобының бастапқы және аралық мониторингтан алынған жеке дамуды салыстыра отырып, топ деңгейі түрлі әдістерді, технологияны пайдалану арқылы көтерілгенін көрсетті.

Шешім: 1.Ерте жастағы балалардың даму динамикасы дайындалсын.

2. Әр топтың жеке даму картасы бойынша мониторинг диаграмма дайындалсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы :

А.Таженова

С.Турусова